

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Оқу жылы: 2023-2024

Мектепке дейінгі ұйымның атауы:

«Балбөбек» бөбекжай

Өткізу формасы: шығармашылық шеберхана.

Өткізілген күні: 26.01.2024

Өткізілген орны: «Болашақ» тобының бөлмесі

Жиналысқа қатысқандар саны: *ата-анала 73 адам.*

Шақырылғандар *меңгеруші, педагог-психолог, мейірбике).*

Жиналыстың тақырыбы: «Бала және қауіпсіз дамытушы орта».

КҮН ТӘРТІБІ

Ата-аналар жиналысының шешімдерін орындау туралы.

1. Бала және қауіпсіз дамытушы ортаны қалыптастыру.
2. Ата-аналарға балалардың жарақаттануы мәселесі жөнінде кеңестер беру. Жауапты: психолог (Исмагулова Сандигул Машидуллиновна) «Әртүрлі».

БАРЫСЫ

Алдыңғы ата аналар жиналысының шешімдерін іске асыру бойынша педагог Ихсанова Асылжан Шариповна сөз сөйледі. Ол бөбекжай балаларын тәрбиелеу мен оқыту процесі үлгілік тәрбие мен оқыту бағдарламасының міндеттеріне сәйкес жүргізіліп жатқанын атап өтті, бұған аралық мониторинг қорытындылары дәлел болатынын айтты. Ата-аналар жиналысының күн тәртібімен танысу өткізілді.

1. Бала үшін қауіпсіз дамытушы ортаны ұйымдастыру мәселесі бойынша тәрбиеші Ихсанова Асылжан Шариповна сөз сөйледі. Ол жеке тұлғаның, әлеуметтік ұйымдасудың, қоғамның қалыпты дамуының қажетті шарты болып саналатын қауіпсіздік ұғымына сипаттама берді; мектепке дейінгі жас физикалық және психикалық денсаулықтың негізін қалыптастыруда шешуші орын алатынын айтты.

2022 жылы ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының ғалымдары мен мамандары әзірлеген «Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдай жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық» материалдары бойынша ата-аналарға тезистер келтірілді.

Ата-аналар жиналысын ұйымдастырушылардан қосымша түсініктеме берілуін қажет ететін тармақтарды ата-аналардың жазып алуына мүмкіндік берілді. Қауіпсіз ортаны ұйымдастыру бойынша режимдік сәттер, білім беру процесін ұйымдастыру, сурет салу іс-әрекеті, ойын іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, жуыну және дәретхана бөлмесіндегі қауіпсіздік, серуендеуді ұйымдастыру сияқты бағыттар қарастырылды.

Қауіпсіздік талаптарымен танысудан бұрын, ата-аналар мынадай ойындар мен іс-шараларға қатысты: «Кім шақырғанын тап» сөздік ойыны, «Дәл осындай суреттер тізбегін тап және қоршап сызып қой» ойыны, «Друдлдар — біздің достарымыз», «Бізбен ойнағың келе ме?» ойындары, ересек адамның өсімдіктерді суғаруы еңбек іс-әрекеттерін бақылау, күн сәулесін бақылау.

Ата-аналар үшін қауіпсіздіктің қай бағыты ең негізгі болып тұрғанын, оларды отбасында қолдану қаншалықты мүмкін екені туралы ойларын ортаға салды.

ШЕШІМ

Балабақшада ұйымдастырылған қауіпсіз орта ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының талаптарына сәйкес деп саналсын, сондай-ақ баланы отбасында тәрбиелеу жағдайында қауіпсіздіктің осы тәрізді дәрежелерін ұйымдастыруға қосылсын.

2. Балалар жарақаттануының алдын алу бойынша ата-аналарға арналған ұсыныстар туралы Ұзақбаева Перизат Жалғасқызы айтты.

Мәселені көтермей тұрып, ол алдағы талқылау барысында ата-аналар үшін орындау қиын немесе бұған дейін таныс болмаған, баламен бірге бекіткен тұстары туралы өз ойларын анықтап алуды ұсынды.

Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелері бойынша аспектілер ұсынылды: үйде қауіпсіз орта құру, балаға қауіпсіздік ережелерін үйрету, баланы бақылау, бос уақытты қауіпсіз ұйымдастыру, баланың қауіпсіздігі мен жеке дамуы, көшеде және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік, үйдегі мінез-құлық ережелері, мәселе бойынша ақпарат көздері.

ШЕШІМ

Балалардың қауіпсіз және үйлесімді өсуі мен дамуын қамтамасыз ететін, балаларды кешенді тәрбиелеудегі тәсілдерді жүйелеу жолдарының бірі ретінде балалар жарақаттануының алдын алу бойынша ұсынылған ұсынымдар тізбесін сақтау.

ӘРТҮРЛІ.

2023-2024 оқу жылының наурыз айында мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру мәселесі бойынша педагогтер Ихсанова Асылжан Шариповна сөз сөйледі.

Мерекелік іс-шаралар жай ғана ойын-сауық емес, сонымен қатар баланың өзін команданың бір бөлігі ретінде сезінуіне, таланттарын ашуға және жағымды эмоциялар алуға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Басты назарда тек қана өлеңсөз, ән репертуарын, би элементтерін, рөлдердің

мәтіндерін бекітуге ғана арнап қоймай, бұған қоса мерекелер кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қайталауға уақыт бөлу керектігі, әсіресе балабақшадан тыс жерде, демалыс пен мереке күндері денсаулықты сақтау керектігі туралы өтініш айтылды.

ШЕШІМ

МДҰ Жарғысына сәйкес, әкімшілік бекіткен кесте бойынша, СӨС және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес көктемгі мерекелерге дайындық жүргізу.

№3-АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

- Балабақшада ұйымдастырылған қауіпсіз орта ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының талаптарына сәйкес деп саналсын, сондай-ақ баланы отбасында тәрбиелеу жағдайында қауіпсіздіктің осы тәрізді дәрежелерін ұйымдастыруға қосылсын.
- Балалардың қауіпсіз және үйлесімді өсуі мен дамуын қамтамасыз ететін, балаларды кешенді тәрбиелеудегі тәсілдерді жүйелеу жолдарының бірі ретінде балалар жарақаттануының алдын алу бойынша ұсынылған ұсынымдар тізбесі сақталсын.
- МДҰ Жарғысына сәйкес, әкімшілік бекіткен кесте бойынша, СӨС және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес көктемгі мерекелерге дайындық жүргізілсін.

Ата-аналар жиналысы өткізілген күн

26.01.2024

Ата-аналар комитетінің төрағасы

(Т.А.Ә.)

(Қолы)

Серикова. Г. Г.

Хатшы

(Т.А.Ә.)

(Қолы)

Серикова. Г.